



№ 14 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Базалық мөлшерлемені 9% деңгейіне дейін төмендету туралы

2018 жылғы 4 маусым

Алматы қ.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі базалық мөлшерлеме дәлізін +/-1% деңгейінде сақтай отырып, оны 9% деңгейіне дейін төмендету туралы шешім қабылдады. Жылдық инфляция төмендеуін 2018 жылға арналған нысаналы дәліз шеңберінде жалғастырды. Базалық мөлшерлеменің ағымдағы деңгейі инфляцияның ағымдағы жылға арналған және келесі жылға арналған нысаналы дәліз ішінде төмендеуін және 2020 жылдың соңына қарай инфляция бойынша 4% болатын орта мерзімді бағдарға қол жеткізуді қамтамасыз етуін жалғастыруда. Бұл ретте ақша-кредит талаптары бейтарап деңгейде сақталып отыр.

Алайда проинфляциялық тәуекелдердің қысқа мерзімді, сол сияқты орта мерзімді перспективада іске асу ықтималдығының өсуі аясында базалық мөлшерлеменің 2018 жылы одан әрі төмендеу әлеуеті айтарлықтай төмендеді.

Жылдық инфляция мамырда төмендеуін жалғастырды және 6,2%-ды құрады. Жылдың басынан бері салыстырғанда төмендеу инфляцияның барлық құрауыштары – азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын тауарлар және халыққа көрсетілетін қызметтер бойынша байқалуда.

Инфляцияның төмендеу қарқынын ағымдағы жылдың соңына дейін және келесі жылы шектейтін негізгі тәуекелдер азық-түліктің әлемдік бағаларының өсуі, сауда әріптес - елдер тарапынан инфляцияның импорты, тұтынушылық және инвестициялық сұраныстың өсуі аясында ішкі тұтынудың өсуі негізгі тәуекелдер болып табылады.

Сауда әріптес – елдердегі инфляцияның ағымдағы деңгейі белгіленген нысаналы мәндерінен төмен тұр, алайда олардың дезинфляциялық әсер ету әлеуеті біртіндеп жойылуда. Орта мерзімді перспективаға жасалған болжамдық бағалаулар оның нысаналы бағдарлар деңгейіне жететінін көрсетіп отыр, бұл болашақта Қазақстандағы ішкі инфляцияға проинфляциялық қысымның өсу тәуекелін арттырады.

Азық-түліктің әлемдік бағасының индексі сәуірде жылдық көрсеткіш бойынша 2,7%-ға өсті. Астық пен сүт өнімі бағасының өсуі жалғасуда. Сыртқы монетарлық талаптардың қатаңдануы дамушы нарықтардан капиталдың әкетілуімен қатар жүруде.

2018 жылдың басынан байқалған **әлемдік мұнай нарығы** тарапынан қолайлы әсер ету жалғасуда. Мұнайдың бағасы орташа алғанда бір баррель үшін 70 АҚШ долларына жақын деңгейде қалыптасып отыр.

Қазақстан экономикасында жылдың басынан бері **үй шаруашылықтарын тұтынудың ұлғаю** үрдісі байқалды, оған халықтың нақты ақшалай кірістерінің екі жылдық төмендеуінен кейін өсуі, сондай-ақ тұтынушылық кредиттің ұлғаюы себепші болды.

Экономикалық белсенділіктің өсуі қарқыны сақталуда. Қысқа мерзімді экономикалық индикатордың мәні 2018 жылғы қаңтар-сәуірде жылдық көрсеткіш бойынша 5,0%-ды құрады. Өсуге тау-кен (4,9%) және өңдеуші (5,9 %) өнеркәсіптер, байланыс (6,9%), сауда (6,2%), сол сияқты ауыл шаруашылығындағы (3,8%) өсудің жақсару серпіні оң үлес қосты. Негізгі капиталға инвестициялардың өсуі 2018 жылғы қаңтар-сәуірде 28,9%-ды құрады.

Осының аясында шығару мен ішкі тұтыну арасындағы айырма, Ұлттық Банктің бағалауынша, оң аймаққа өтіп отыр, бұл проинфляциялық қысымға әкеп соғады.

Инфляциялық күтулер түрлі күйзелістерге сезімтал болып қалып отыр және көбіне нарықтағы ағымдағы жағдайларға байланысты. Сәуірде теңгенің номиналдық айырбастау бағамы күйзелісінің аясында инфляцияның бір жыл бұрын күтілетін мәні мамырдың қорытындысы бойынша 6,0%-ға дейін төмендеп, 6,3%-ға дейін өсті. Қабылданатын инфляция да төмендеуін жалғастыруда. «Өткен 12 (он екі) айда тауарлар мен көрсетілетін қызметтер бағасы бұрынғыға қарағанда тез өсті» деп санайтын респонденттердің үлесі сәуірдегі 48,8%-дан мамырда 46,2%-ға дейін қысқарды.

Ақша-кредит талаптары бейтарап деңгейде қалуын жалғастыруда. Нақты инфляцияның баяу төмендеуі, сондай-ақ проинфляциялық тәуекелдердің ора мерзімді перспективада іске асу ықтималдығының өсуі Ұлттық Банктің ағымдағы жылы базалық мөлшерлемені одан әрі төмендетуін шектейді. Инфляциялық күтулерді басқару және оларды одан әрі төмендету мақсатында болашақта ақша-кредит талаптары неғұрлым қатаң сипат алу мүмкіндігі жоққа шығарылмайды.

Базалық мөлшерлеме бойынша кезекті шешім 2018 жылғы 9 шілдеде Астана уақытымен сағат 17:00-де жарияланатын болады.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

+7 (727) 3302 497

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz